

"Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қорғау аймағын белгілеу, қорғау аймағында табиғат пайдаланудың мөлшері, шекарасы, режим түрлері және тәртібі туралы

Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2015 жылғы 1 сәуірдегі № 82 қаулысы.
Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 30 сәуірде № 3168 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңы 27-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Заңы 10-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына, 18-бабының 2-тармағына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. «Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жерінің айналасынан қорғау аймағын, қорғау аймағының мөлшері, шекарасы ені екі шақырымнан жалпы ауданы 263092,5 гектарда ж е р і н д е б е л г і л е н с і н .

2. «Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қорғау аймағында табиғат пайдаланудың режим түрлері және тәртібі осы қаулыға қосымшаға сәйкес белгіленсін.

3. «Оңтүстік Қазақстан облысының әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми ж а р и я л а н у ы н ;

2) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қ о л д а н ы с қ а е н г і з і л е д і .

5. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Е.Ә.Садырға жүктелсін.

Облыс әкімі

А.Мырзахметов

Б . О с п а н о в
Б . Ж ы л қ ы ш и е в
Е . А й т а х а н о в
С . Қ а н ы б е к о в
Е . С а д ы р
С . Т ұ я қ б а е в
А . А б д у л л а е в

Р.Исаева

Оңтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің 2015 жылғы
«01» сәуірдегі № 82 қаулысына
қосымша

«Оңтүстік Қазақстан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қорғау аймағында табиғат пайдаланудың режим түрлері және тәртібі

1. «Оңтүстік Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының «Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - Өңірлік парк) қорғау аймағында экологиялық жүйелері мен оларда орналасқан мемлекеттік табиғи-қорық объектілерінің жай-күйіне және оларды қалпына келтіруге теріс әсер ететін қызметке жол берілмейді:

- 1) жаңа елді мекендер құруға және бар елді мекендерді кеңейтуге;
- 2) экологиялық жүйелеріне зиянды әсер ететін объектілерді орналастыруға, жобалауға, салуға және пайдалануға, жаңа технологиялар енгізуге;
- 3) өсімдіктер мен жануарлар дүниесі үшін зәрлі улы химикаттар, тыңайтқыштар мен гербицидтер қолданылатын ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығының интенсивті нысандарын енгізуге;
- 4) атмосфераға және ашық су көздері мен рельефке ластаушы заттар шығаруға және сарқынды суларды төгуге, қалдықтарды орналастыруға;
- 5) пайдалы қазбалар өндіруге;
- 6) радиоактивті материалдар мен өнеркәсіп қалдықтарын көмуге;
- 7) өңірлік парктің экологиялық жүйелерінің гидрологиялық режимін өзгертетін қызметке (бөгеттер, дамбалар, гидротехникалық құрылыстар және табиғи су ағынын тоқтатуға немесе азайтуға әкеп соғатын басқа да объектілер салуға);
- 8) жабайы жануарлар мен жабайы өсімдіктердің бөтен түрлерін жерсіндіруге;
- 9) өңірлік парктің экологиялық жүйелеріне зиянды әсер ететін басқа да қызметтерге

2. Өңірлік парктің қорғау аймағында әртүрлі шаруашылық қызметтерге жол б е р і л е д і :

- 1) орман шаруашылығы қызметі;
- 2) мал жайылымы және шөп шабуды қоса алғанда, дәстүрлі жер пайдалану, сондай-ақ биологиялық саналуандықты ұзақ мерзімді сақтау мен оның беріктігін қамтамасыз ету шеңберіндегі өзге де қызмет;
- 3) туристік және рекреациялық қызмет;
- 4) минералды суларды, жер астының жылы суларын және климаттық ресурстарды п а й д а л а н у ;
- 5) кәсіпшілік және әуесқойлық (спорттық) балық аулау;
- б) орман және дала өрттерін сөндіру жөнінде жердегі және авиациялық жұмыстарды жүргізу ;
- 7) бүлінген жерлерді рекультивациялау;
- 8) орман және өзге де өсімдік қауымдастықтарын қалпына келтіру;
- 9) жабайы жануарлардың мекендеу ортасы мен санын қалпына келтіру;
- 10) жер учаскелерін туристер болатын жерлерді жайластыру, өсімдіктер мен жануарлардың эндемикалық, сирек кездесетін және құрып бара жатқан түрлерін жасанды жолмен көбейту, өсіру, өндіру үшін питомниктер салу, өңірлік парк қызметкерлерінің тұруы үшін қызметтік үй-жайлар (кордондар) салу, оларға қызмет бабындағы жер үлестерін беру үшін пайдалану.

3. Өңірлік парктің қорғау аймағында 2-тармақта көрсетілген қызмет түрлерін жүзеге асыру кезінде өсімдіктер мен жануарлар дүниесі объектілерінің мекендеу ортасын және көбею жағдайларын сақтау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға. Жабайы жануарлардың қоныс аудару жолдары мен шоғырлану орындарына, ерекше құнды учаскелердің, сондай-ақ мемлекеттік табиғи қорық қорының өзге объектілеріне қол сұғылмауын қамтамасыз етілу тиіс.